

Бекітемін: *Салабаева*
Мектеп менгерушісі Шалабаева Ж.С.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйімі : Милы бастауыш білім беретін мектебі , «Шұғыла» шағын орталығы
Топ: кіші

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 02.12 - 06.12.2024ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көніл күймен қарсы алу және оларға қолайлыш жағдай жасау. Баланың көніл күйін, оның жеке пікірін, кызығушылығын анықтау Сәлемдесу (сөйлеуді дамыту) «Күй күмбірі» «Ерке сылқым» Күймен балаларды қарсы алу.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа занды өкілдерімен кеңес, әнгімелесу	"Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы"	"Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы"	"Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту"	"Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту"	"Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы"
Балалардың дербес әрекеті (аз кимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды карау және басқалар)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Табиғат бұрышындағы өсімдіктерді бақылау, топырактың құрғақ болғанына көніл аудару, фикусті су күйғыш арқылы суаруды көрсету. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Топтың ішін ретке келтір". Максат-міндеттер. Балаларды ересектерге көмектесуге машықтандыру; шкафттарғы ойыншықтар мен куралдардың ретсіздігін байқап, тазалықты	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекеті кезінде оку куралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, касықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктерін ынталандыру. Саусақ жаттығуы. Максат-міндеттері. Қолдың

<p>Міндеттер: Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка)</p> <p>"Аққаланы құрастыр" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды аққаланың денесін үстел бетіне салып құрастыруға ынталандыру; көлемі әртүрлі дөңгелектерді ажыратуға жаттықтыру; жасалған жұмыстың нәтижесіне қуана білу қабілетін дамыту.</p> <p>Педагог әр балаға көлемі үш түрлі, ақ түсті дөңгелектерді, көздер, сәбіз (мұрын), шелек пішіндерін табақшага салып береді.</p> <p>Жұмыс жасалғаннан кейін балалар педагогке ілесіп, көркемсөзді айтады, қимылдар жасайды.</p> <p>Аққала денесі дөп-дөңгелек, (кос қолдың сұқ саусақтарымен ауада үлкен шенберлер сыйзу)</p> <p>Дөңгелек басына киген көк шелек, (алақандармен бастың төбесін жабу).</p> <p>Басады қос аяқтарын маймандаپ, (саусақтың ұшымен үстелді тықылдату)</p> <p>Іздері де содан оның дөңгелек.</p>	<p>орнатуға тарту; еңбек дағдыларын, үқыптылықты қалыптастыру.</p> <p>«Көліктермен саяхат» дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды көлеміне қарай салыстыруды үйретуді жалғастыру: үлкен мәшинеде үлкен андар, кішкентай мәшинеде кішкентай андар.</p> <p>Қоянның құйрығы қыска, тұлқінің құйрығы ұзын болады.</p> <p>Құралдар: әртүрлі мөлшердегі мәшинелер мен ойыншықтар. (сенсорика, қоршаған ортамен танысу)</p> <p>BilimKids дамытушы мультфильм</p> <p>Тез отырамыз</p> <p>https://youtu.be/tZgdO3VRt18</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Тілдерін дамыту, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелеу.</p> <p>Ұзын құлақ, сұр қоян,</p> <p>Естіп қалып сыбырыды,</p> <p>Ойлы-қырлы жерлерден,</p> <p>Ытқып-ытқып секірді.</p> <p>Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің.</p> <p>Келе жатқан томпандаپ,</p> <p>Көжегі еken өзінің.</p> <p>(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>BilimKids дамытушы мультфильм</p> <p>Тез отырамыз</p> <p>https://youtu.be/tZgdO3VRt18</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Қане, қане балақай, (шапалақ)</p> <p>Тұрғызамыз аққала! (аққаланы қалай жасайтындарын қолмен көрсету)</p> <p>Аққаланы айналып, (шенбер болып айналады)</p> <p>Ойнаймыз біз шаттана. (шапалак)</p> <p>Аққала, аққала Сені жасап беріміз,</p> <p>Айналамыз қуана! (шенбер болып айналады)</p> <p>(Г. Жетписова)</p> <p>(сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру)</p>	<p>Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балаларды тамақ ішкенде табақшаларды, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинастыру іскерліктерін ынталандыру.</p> <p>Саусақ жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру.</p> <p>Көмекшілер көп менде, Күнде еңбектенеді.</p> <p>Тыным таптай күніге, Маған көмектеседі.</p> <p>Бір, екі, үш, төрт, бес, Демалайық, отыр тез.</p> <p>Әрлі-берлі қозғалды, Тырсылдатты жан-жақты.</p> <p>Бір, екі, үш, төрт, бес, Жұмысқа кіріс тез. (сөйлеуді дамыту)</p>
--	--	--	--	---

	(қос қолдың сұқ саусақтарымен ауада кішкентай шеңберлер сыйзу). (сенсорика, сейлеуді дамыту)				
Ертеңгілік жаттығу	1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қою, жалау ұстаған қолдарын алдыға ұстau. 1.1. Жалауларды жоғары көтеру, жалауларды онға және солға желпу (6–8 рет қайталау). 1.2. Бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: тік тұру, жалауларды екі қолмен ұстau. 2–1 жерге отыру, жалауларды иық тұсына қою, тұру, жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау). 2–2 бастапқы қалыпқа келу. 3. Екі жалауды бір қолға ұста,, бір орында 20-30 сек. секіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дene шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсендегі дыбыста баяу ойналатын әуенжазбаны қосу. Көркемсөз Д. Ахметова "Қыс келді!" Қыс келді! Ду қол шапалақ! Қыстың тоны аппақ! Аппақ аула, Қуанады бала. Қыс келді! Ду қол шапалақ! (сейлеуді дамыту)				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Қоян секіруге шақырады". Мақсат-міндеттері. Балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіру дағдыларын пысықтау; бір орында тұрып секірудің техникасын пысықтау; өткен оку қызметтерін қайталау; балаларды бір орында	Музыка "Пойыз". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдау және есте сақтау қабілеттерін арттыру; әнді тыңдалап, сипатын	Дене шынықтыру. "Тәуелсіз Қазақстан". Мақсат-міндеттері. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтың үстімен тере-тәндікті сақтап жүруді үйрету; бір	Дене шынықтыру "Алға, Қазақстан!" Мақсат-міндеттері. Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық орындықтан тере-тәндікті сақтап жүріп өту іскерліктерін	Сурет салудан ойын-жаттығу "Бәйтерек". Мақсат-міндеттері. Балаларды Бәйтерек кескінін бақылай отырып, көлденең қысқа сызықтардың салыну тәсілін игеруге үйрету; қарындашты үш саусақпен ұстau, қысқа

	<p>тұрып екі аяқты осып секіру жаттығуын ынтамен орындауға құлшындыру; доптарды қөлемі бойынша ажырата білу іскерліктерін дамыту.</p> <p>"Ұлкен және кішкентай доптар" қимылды ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды жетілдіру; қолдың моторикасын, балалардың заттың қөлемі туралы түсініктерін дамыту.</p>	<p>ажыратуды үйрету; музыка сипатына сайрығақтық қымылдарды қайталай білуге машықтандыру; көлік мағынасын түсіндіру.</p> <p>Балалардың музыканы тындау және есте сақтау қабілетін дамыту; әнді тыңдалап, сын-сипатын ажырата білу дағдыларын үйрету; музыканың сипатына сайрығақты қымылдарды қайталай білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>"Көліктерді топта" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Көліктердің шығаратын дыбыстарын ажыратуды үйрету.</p>	<p>ізбен жүре отырып, кеңістікте дene тепе-тендігін сақтаудың дағдыларын менгерту.</p> <p>Балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-тендікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс орындау икемділіктерін жетілдіру; дene, аяқ бұлышық еттерін дамыту; кеңістікте өз дene тепе-тендігін сақтаудың дағдыларын қалыптастыру; тақырыпқа қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>"Тальго пойызы" қимылды ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға бір-бірінің артынан асықпай, итерміспей жүруді үйрету.</p>	<p>жетілдіру; біr ізбен жүре отырып, кеңістікте дene тепе-тендігін сақтаудың дағдыларын дамыту; балалардың гимнастикалық орындықтан тепе-тендікті сақтап жүріп өту жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіре отырып, дene, аяқ бұлышық еттерін дамыту.</p>	<p>сызықтарды тігінен орналасқан бейненің жоғарғы жағынан төменге қарай қолденен, бірыңғай қымылмен сол жақ қабырғасын оң жақ қабырғасына жеткізіп салуға жаттықтыру; қарындаштың үшіна зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі бастама жерге ауысып, бақылап отыруга дағдыландыру; еліміздің астанасы туралы түсінік беру.</p>
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалашуыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Қарды бақылау (қар жамылған	Аула	Қайынды бақылау.	Қысқы ауа райын	Қысқы шыршаны бақылау.

<p>алқап). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды қыс мезгілінің ерешеліктерін және қарды бақылауға қызығушылықтарын ояту; қардың қайда жатқанына көніл аудару, қысқы табиғаттың сұлулығын сөзбен айтуда ынталандыру.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, бәрекелді! - Қарандаршы, балалар, айналада не жатыр? - Иә, айналада қар жатыр. - Қар қайда жатыр? - Қар жерде жатыр. Шатырларда да қар жатыр. Айналаның бәрі аппақ. - Даға не болған? Дағаны қар басқан. <p>Ағаштар аппақ тонда, Үтталар аппақ болған, Ақ жолдар ізге толған.</p> <p>"Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (dene шынықтыру, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта тұра бағытпен жүруді, еki аяқпен секіруді, жүгіруді, алға жылжу дағыларын жетілдіру, тепе-тендікті сақтауды дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.</p> <p>Педагог балаларға көркемсөз оқу арқылы қимылдарды орындауға</p>	<p>сыпышуының қысқы жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Үлкендердің еңбегі туралы білімдерін кеңейту; қайыңың басқа ағаштардан еңбегін бағалай білімді қалыптастыру; табиғатты қорғауға үмтүлдіктері туралы білімді қалыптастыру;</p> <p>Балаларды қайың ағашына апару. Оның діңіне назар аударту. (Ақ және қара жолақтары киімге үқсайды.) Балаларға аязды құндері ағаштар мен бұталардың бұтақтары ете нәзік, тез сыннатынын, сондықтан оларды үстаяға, бұлдіруге болмайтынын түсіндіру.</p> <p>Қысында да шырайлы,</p>	<p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ағаш туралы жөнінде жалпы үғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты немесе ашық, боранды немесе аязды, сұық немесе жылы болатынына көніл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>- Балалар, айналага қарандаршы. Не көріп тұрсындар.</p> <p>- Иә, айналада қар жатыр.</p> <p>- Аспанымыз сұр (көгілдір).</p> <p>- Қыста күн сұық болады.</p> <p>- Адамдар жылы киімдерін киіп жур.</p> <p>- Біз үстімізге нені кидік?</p>	<p>бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ағаш туралы жөнінде жалпы үғымдар беру, қыстың ауа райы бұлтты немесе ашық, боранды немесе аязды, сұық немесе жылы болатынына көніл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>- Балалар, айналага қарандаршы. Не көріп тұрсындар.</p> <p>- Иә, айналада қар жатыр.</p> <p>- Аспанымыз сұр (көгілдір).</p> <p>- Қыста күн сұық болады.</p> <p>- Адамдар жылы киімдерін киіп жур.</p> <p>- Біз үстімізге нені кидік?</p>	<p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың шырша ағашы туралы үғымдарын қалыптастыру, оның ақ қарастында жасыл болып тұрғанын байқату; шыршаның үшкір қылқандарын қолдарына ұстату, олардың жапырақтарға ұқсамайтынын, түсіп қалмайтынына назар аудару; шыршаны қабылдаудан жағымды әсер алуға тәрбиелеу.</p> <p>Педагог балаларды жасыл шыршаның алдына алып келеді.</p> <p>Аулада өсіп тұрған шырша болмаса, педагог пластиктен жасанды шыршаны участкеге шығарып қоя алады.</p> <p>- Балалар, мынау не?</p> <p>- Жарайсындар, балалар! Бұл шырша ғой.</p> <p>- Қарандаршы, балалар, шырша ағашы бізге қуанып тұрған сияқты.</p> <p>Көркемсөз.</p> <p>Ә. Табылдиев "Шырша".</p> <p>Қызық-думан күн келді, Жасыл шырша түрленді.</p>
---	--	--	---	---

<p>ынталандырады.</p> <p>Көркемсөз.</p> <p>Д. Ахметова "Жүгірейік!"</p> <p>Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ бол.</p> <p>Ал енді, жылдам жүгірейік, Саптан қалмай үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай!</p> <p>Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ...</p>	<p>үшін).</p> <p>Қимылды ойын «Ақ қоян» (дene шынықтыру, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға мәтінді тындауды және мәтінге сәйкес қимылдарды орындауды үрету; секіруді, қол шапалақтауды, мәтіннің соңғы сөзін естігеннен кейін қашуды үрету; балаларға қуаныш сыйлау.</p> <p>Ойын шарты: балалар дөңгеленіп қол ұстасып тұрады, ортада бір бала қоян болады. Балалардың барлығы қоянды оятуға тырысады. Қояным, қояным үйқынан тұршы, Бет-қолынды жушы, Айнаға қараши, Шашынды тараши, Мәсінді киши, Кейлегінді киши.</p>	<p>Тұні бойы жауды қар,</p> <p>Салбырады сәнді тал. Сырғалы қайын, ақ қайың,</p> <p>Баптайын, күтіп, сақтайын.</p> <p>«Көпіршік» қимылды ойыны. (дene шынықтыру, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға шенбер құруды, оны кеңірек немесе тар етіп жасауды, қимылдарды айттылған сөздермен үйлестіруді үрету.</p> <p>Балалар бір-біріне жақын тұрады, қолдарын біріктіріп шенбер құрады.</p> <p>Тәрбиеші:</p> <p>Көпіршікті үрлейміз! Улken ғып үрлейміз!</p> <p>Осылай тұрамыз,</p> <p>Жарылып кетпейміз.</p> <p>Балалар шенберді кенейтеді, тәрбиеші «Көпіршік жарылды» дегенше, бәрі қол ұстасып тұрады.</p> <p>Балалар еңкейіп:</p>	<p>киімдерді көрсете алады.</p> <p>Көркемсөз Д. Ахметова "Қыс".</p> <p>Қыс мезгілі. Суықта Қар жауады қалықтап.</p> <p>Қар жауады қалыпта,</p> <p>Аппақ қабықпен қаптап.</p> <p>Қыс мезгілі. Аппақ қала.</p> <p>Ақ көшелер. Ақ сала.</p> <p>Ақ көшелер. Ақ сала.</p> <p>Аулада тұр акқала.</p> <p>"Мәшинелер жүреді" қимылды ойыны. (дene шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасауды және көтерінкі көңіл күйге бөленуге баулу.</p> <p>Педагог балаларға безендірілген шыршаны көрсетеді.</p> <p>Шыршаға қарандар, Танғалып калмаңдар.</p> <p>Бұтактағы ойыншықпаз, Шенбердегі аюмыз.</p> <p>Енді, біз тұлкіміз,</p> <p>Тұлкі болып жүрміз.</p> <p>Қоянмен біргеміз,</p> <p>Бірге секіremіз.</p> <p>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктең, жабайы андарға тән қимылдарды жасап көрсетеді.</p> <p>Балықтайды жүземіз,</p> <p>Үндемей күлеміз.</p>	<p>Аяз сүйіп, терленді, Үйге кірді төрледі.</p> <p>"Шыршаны айнала билейік" қимылды жаттығу. (дene шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға шыршаға қарап, қызықты қимылдарды жасауды және көтерінкі көңіл күйге бөленуге баулу.</p> <p>Педагог балаларға безендірілген шыршаны көрсетеді.</p> <p>Шыршаға қарандар, Танғалып калмаңдар.</p> <p>Бұтактағы ойыншықпаз, Шенбердегі аюмыз.</p> <p>Енді, біз тұлкіміз,</p> <p>Тұлкі болып жүрміз.</p> <p>Қоянмен біргеміз,</p> <p>Бірге секіremіз.</p> <p>Балалар педагогтің көрсетуіне еліктең, жабайы андарға тән қимылдарды жасап көрсетеді.</p> <p>Балықтайды жүземіз,</p> <p>Үндемей күлеміз.</p>
---	---	---	--	---

		<p>«шапалак, ш-ш-ш» деп айтады. Тәрбиеші көпіршік жарылғанда одан ауа шығатынын түсіндіреді. Содан кейін балалар көпіршікті қайта "үрлейді".</p>	<p>Педагог балаларға қызыл, сары және жасыл таңбалауыштарды көрсетіп жатып, белгілі таңбалауышқа сай қимылдарды жасауды ұсынады: <ul style="list-style-type: none"> - жасыл таңбалауыш - қолға руль ұстағандай ары-бері, жан-жаққа бағыттап жүгіру; - сары таңбалауыш - орнында тоқтап тұру, шапалактау, - жасыл таңбалауыш - жерге шоқайып отыру. <p>Бағдаршамда жасыл шам - Мәшинелерге жол ашық. Бағдаршамда сары шам - Шапалакта, балалар! Бағдаршамда қызыл шам - Мәшинелер тоқтасын. Ойын екі рет өткізіледі.</p> </p>
Серуенниен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-		

	гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қару және басқалар)	<p>Қоршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу "Алтын балық".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды аквариум және онда жұзіп жүрген балықтардың дene мүшелері, тіршілік етуімен таныстыру; балықтар туралы түсінік беру; көлде жүзетін балықтар мен аквариумдағы балықтардың айырмашылығы туралы білімдерін кеңейту.</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Менің Отаным".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға Е. Өтетілеудің "Менің Отаным" өлеңін жаттатқызу, мәнерлеп айтуды үйрету; Отан, Қазақстан туралы негізгі ұғымдармен таныстыру; өлең жолдарын оқығанда жағымды эмоцияларға бөленуге жағдай жасау. Балалардың тілін, зейінін, қабылдау қабілетін, есте сактауын дамыту.</p>	<p>"Мен тұлкімін, тұлкімін" аз қимылды ойныны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға жүргізушінің сөздерін мұқият тындауды, аланды еркін қимылдар жасауды, сигнал бойынша өз орындарына жылдам өтуге жаттықтыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту;</p> <p>Шарты: педагог тұлқі рөлін сомдайды, балалар ойыншылар болады; "тұлкінің" сөздері аяқталған кезде балалар орындықтарға өтеді. Педагог қауіпсіздікті сактау мақсатында балаларды асықтырмайды. Ойын балалардың өз орындарына өтіп тынышталуына, өзін-өзі басқаруына ықпал</p>	<p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Жүргінші жолы".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың кірпіштен "жүргіншінің ала жолақты жолын" жасауды үйрету; кірпіштерді бір бағытта көлденен тізіп жатқызу қабілетін игеруге дағдыландыру; жасалған өнімнің үлгіге сай болуын және өз іс-әрекетінің нәтижесіне шаттану қабілетін арттыру.</p> <p>Балалардың құрылыш материалдарының қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау дағдыларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын, түйсігін дамыту.</p>	<p>Музықадан ойын-жаттығу "Елімнің рәміздері".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға музыканы тындағанда жоғары және төмен дыбыстарды ажырату қабілеттерін дамыту; Отан сөзін естігенде жағымды эмоцияларды білдіруге ынталандару.</p>

			<p>етеді.</p> <p>Педагог:</p> <p>- Балалар, мен тұлқі болайын. Мен сендерге әдемі ән айтып, алаңға серуенге шақырамын. Мен ән айтқанды тоқтатқанда өз орындарыңа барып, тез отыра қаласындар.</p> <p>Орындарыңа отырмасандар, мен орынды басып аламын. Бастайык.</p> <p>Көркемсөз.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>"Тұлқі".</p> <p>Мен тұлқімін, тұлқімін, Құлықпен өтер күнім.</p> <p>Қаласам алдай саламын,</p> <p>Орынды басып аламын.</p> <p>Педагог сөздерді әндептіп айтып жүруі керек.</p>	
Балалармен жеке жұмыс	"Артығын тап" дидактикалық ойын.	Қысқыштармен ойналатын ойын.	"Қоянды үйретейік" (артикуляциялық	Саусақ жаттығуы «Қыста көніл

<p>Мақсат-міндеттері. Балаларға артық затты табуды үйрету; ойлау қабілетін, зейінін дамыту.</p> <p>Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттерді ұсынады: қар, шана, доп (доп артық, өйткені қыс мезгіліне қатысты емес) (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>Саусактарға арналған жаттығу.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту; тақпактағы сөздердің ырғақтарына, педагогтің үлгісіне еріп, сөздерді қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Ойын шарты.</p> <p>Жануарлардың құйрығын тауып, қыстырғышпен қыстырып біріктіреді. Ойын баланың ұсақ моторикасын дамытады, ақыл-ойы, тілінің дамуына зор ықпал етеді. (сенсорика, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>жаттығу).</p> <p>Мақсат-міндеттері. Көркемсөзге қызығушылықты тудыру; ырғақты, дыбыстың сипатын сезіну қабілеттерін қалыптастыру.</p> <p>Балаларға қоянға көмектесуді ұсыну.</p> <p>Ол үшін тәрбиеші көрсеткен қимылдарды бірлесіп жасау.</p> <p>1. Ауызды ашу.</p> <p>- Коян, аузыңды аш!</p> <p>Міне, осылай аш!</p> <p>Міне, осылай аш!</p> <p>Тістерін көрсету.</p> <p>- Коян, тістерінді көрсетші! Міне, осылай көрсет! Міне, осылай көрсет!</p> <p>2. Тілді көрсету.</p> <p>- Коян, тілінді көрсетші! Міне, осылай көрсет! Міне, осылай көрсет!</p> <p>3. Сәбізді тістеу.</p> <p>- Мен сәбізді тістедім! Эй! Эй! Эй!</p> <p>4. Еріндерін жалау.</p> <p>- Коян барлық сәбізді жеді. Оған дәмді</p>	<p>көтеру».</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінге сәйкес саусақ қимылдарын жасай отырып, жеке сөздерді қайталауға шақыру; жаттығу нәтижесінде жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>- Қыста не істегенді жақсы көреміз?</p> <p>Ақ шанамыз зырлайды,</p> <p>Ақ қар оны шындаиды.</p> <p>Біреу шаңғы тебеді,</p> <p>Біреу мұзда сырғанайды,</p> <p>Ал біреу қардан аққала жасайды.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>кілемге малдас құрып отырады.</p> <p>Тәрбиеші: «Балалар, сұық жел соқты».</p> <p>Балалар қолдарын кеудесінде айқастырады, қорыққан кейіп көрсетеді.</p> <p>Тәрбиеші: «Күн шықты. Күн жып-жылы болды» дегенде, балалар демалады, жүгіріп ойнайды.</p> <p>Тәрбиеші әрекеттерді орындаиды, балалар оған еліктейді.</p> <p>(дene шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)</p>
---	--	--	--	---

			<p>сәбіз ұнады. Ол ернін жалады. Міне, осылай жалады!</p> <p>Міне, осылай жалады! Ал, балалар, ернін майлышпен сүртеді.</p> <p>- Рақмет! - деп, орманға қашып кетті. Әр жаттығуды балалармен бірге 3 рет қайталау.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>		
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кенес)	"Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы"	"Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы"	"Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту"	"Балаға сұрақ қою және сөйлеуді дамыту"	"Қыстың негізгі құбылыстарын байқатудың маңызы"